



ҚҰРМЕТТІ ТАЛАПКЕРЛЕР!

Сонау 1934 жылы негізі қаланған еліміздегі Қазақ Мемлекеттік Университетінің тұңғыш физика-математика факультеті ұлттық білім мен ғылым орталықтарының біріне айналды. Бұл тарихи миссия факультет үшін күні бүгін де – өте өзекті. Факультет барлық сынақтардан абыроймен өтіп математикадан, механикадан, ғарыштық технологиялардан және қолданбалы математикадан елімізде кадрлар дайындау мен ғылыми зерттеулердің жетекші жоғары оқу орталықтарының бірі болып отыр. Ғылыми зерттеу бағдарламалары ұлғайып, мамандар дайындаудың ең өзекті бағыттарындағы жаңа курстар жасалып, факультеттің материалдық базасы кеңейе түсуде. Студенттер іргелі білім алып, өздері таңдаған математика, механика және қолданбалы математика салаларының заманауи бағыттарындағы ғылыми зерттеулерге белсене араласады.

Факультеттің бүгінгі ғылыми жетістігі – факультетте жұмыс істеген және осы уақытқа дейін жұмыс істеп жүрген бірнеше буын ғалымдардың шығармашылығы мен ынтасының арқасы. Қазақстан- дағы математика мен механиканың ғылым ретінде дамуының кезеңдері факультет тарихында жарқын із қалдырған көптеген ғалымдардың есімімен тығыз байланысты. Қазіргі әлемнің нақтылығы біздің де уақытпен бірге қадам басып, факультетіміздің оқу үдерісін одан әрі жетілдіре беруді талап етеді.

Механика-математика факультетінің ұжымы уақыт тынысының талаптарына сай ғылыми зерттеулердің тиімділігін арттыра түсу және оқыту үдерісін жетілдіру мақсатында қомақты жоспарлар жасап отыр. Ниеттеген жоспарды толыққанды жүзеге асыруға факультеттің пәрмені жеткілікті. Еліміздегі тұңғыш механика-математика факультеті өз байрағын аспандата желбіретуден жалықпай, білім беру мен ғылымның барлық кезеңдерінде және студенттердің, түлектердің, қызметкерлер мен ұстаздардың жүрегінде бірінші болып мәңгілікке қалады деген сенімдеміз.

Біз факультетімізде терең білім алуға құмар, жаңа білімге бейім және толыққанды сұхбатқа дайын, мақсаты айқын, белсенді және ой-өрісі кең жастарды көруге әрқашан да қуаныштымыз.



ФАКУЛЬТЕТ ДЕКАНЫ
PhD докторы, профессор
ЖАКЕБАЕВ
ДАУРЕН БАКЫТБЕКҰЛЫ



БІЗДІҢ МАҚТАНЫШЫМЫЗ – ТҮЛЕКТЕРІМІЗ!



Бақытжан Жумагулов – Қазақстан Республикасы
Парламенті Сенатының Депутаты. 1979 жылғы түлек.



Алмасадам Саткалиев – «Самұрық-Қазына» ҰӘҚ АҚ
Басқарма төрағасы. 1992 жылғы түлек.



Алихан Смаилов – Қазақстан Республикасы
премьер-Министрінің бірінші орынбасары –
Қазақстан Республикасының Қаржы министрі.
1994 жылғы түлек.



Куанышбек Есекеев – «Қазақтелеком» АҚ
Басқарма төрағасы. 1995 жылғы түлек.



Асылбек Кожажметов – Almaty Management University
президенті. 1980 жылғы түлек.



Мактағали Бектемесов — Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің бірінші проректоры. 1985 жылғы түлек.



Максат Калимолдаев — ақпараттық және есептеу техникасы институтының құрметті директоры, ҚР ҰҒА академигі. 1980 жылғы түлек.



Амандық Тулешов — академик У.А. Жолдасбеков атындағы механика және машина жасау институтының бас директоры. 1984 жылғы түлек.



Дархан Ахмед-Заки — Astana IT University ректоры. 2002 жылғы түлек.



Айбек Куатбаев — Bugin Holding бас директоры. 2014 жылғы түлек.



ФАКУЛЬТЕТ ТҮЛЕКТЕРІ ҚАЙДА ЖҰМЫС ІСТЕЙ АЛАДЫ ...

"Математика" кафедрасының түлектері ғылыми-зерттеу, білім беру, сақтандыру/қаржы мекемелерінде, IT-компанияларда, жалпы білім беру мекемелері мен колледждерде, университеттерде, мемлекеттік басқару, экономика және бизнес салаларында жұмыс істей алады.

"Математика" кафедрасының бакалавриат түлектері кіші ғылыми қызметкерлер, талдаушылар, оқытушының ассистенті болып жұмыс істей алады.

"Математика" кафедрасының магистратура түлектері ғылыми қызметкерлер, бірінші санатты мұғалімдер, аға талдаушылар, бағдарламашылар, оқытушылар болып жұмыс істей алады.

"Механика" кафедрасының түлектері ғылыми-зерттеу, білім беру, ғылыми-өндірістік және өндірістік мекемелерде, IT-компанияларда жұмыс істей алады.

"Механика" кафедрасының бакалавриат түлектері кіші ғылыми қызметкерлер, талдаушылар, инженер-механиктер, бағдарламашылар, оқытушының ассистенттері болып жұмыс істей алады.

"Механика" кафедрасының магистратура түлектері ғылыми қызметкерлер, бірінші санатты мұғалімдер, аға талдаушылар, жетекші инженер-механиктер, оқытушылар болып жұмыс істей алады.

"Математикалық және компьютерлік модельдеу" кафедрасының түлектері ғылыми-зерттеу, білім беру, ғылыми-өндірістік және өндірістік мекемелерде, IT-компанияларда, телекоммуникация мекемелерінде жұмыс істей алады.

"Математикалық және компьютерлік модельдеу" кафедрасының бакалавриат түлектері кіші ғылыми қызметкерлер, аналитиктер, техник-технологтар, бағдарламашылар, инженер-техниктер, оқытушының ассистенттері болып жұмыс істей алады.

"Математикалық және компьютерлік модельдеу" кафедрасының магистратура түлектері ғылыми қызметкерлер, бірінші санатты мұғалімдер, аға талдаушылар, жетекші инженерлер, аға техник-технологтар, оқытушылар болып жұмыс істей алады.

"Есептеу ғылымдары және статистика" кафедрасының түлектері ғылым және ғылыми зерттеулер, білім беру және коммуникация, өндіріс және инженерия, есептеу техникасы және бағдарламалық қамтамасыз ету, қаржы және экономика сияқты кәсіби салаларда жұмыс істей алады. Магистрдің кәсіби қызметінің нысандары: ғылыми-зерттеу мекемелері, білім беру ұйымдары, сақтандыру ұйымдары, қаржы институттары, бизнес, экономика, IT-компаниялар, өндіріс.

2021 жылғы барлық білім беру бағдарламалары ақылы негізде оқытудың қосымша түрлерін игеруді көздейтін арнайы MINOR бағдарламасын қамтиды. Бұл біздің түлектерімізге орта және арнайы орта оқу орындарында математика, физика, информатика және АКТ пәндерінен сабақ беруге мүмкіндік береді.



БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАЛАРЫ

БАКАЛАВРИАТ

Механика-математика факультетінің мамандықтарына пәндерді оқыту білім алушының таңдауы бойынша қазақ, орыс, ағылшын тілдерінде жүргізіледі.

6B054 Математика және статистика:

«Математика және статистика» білім беру бағдарламалар тобы

Математика
Математика(НЗМ)
Актуарлық математика
Есептеу ғылымдары және статистика

«Механика» білім беру бағдарламалар тобы

Механика

6B061 Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар:

«Ақпараттық технологиялар» білім беру бағдарламалар тобы

Математикалық және компьютерлік моделдеу

6B071 Инженерия және инженерлік іс:

«Әуе транспорты және технологиялар» білім беру бағдарламалар тобы

Ғарыш техникасы және технологиялары

«Электротехника және автоматтандыру» білім беру бағдарламалар тобы

Робототехникалық жүйелер



МАГИСТРАТУРА

Механика-математика факультетінің мамандықтарына пәндерді оқыту білім алушының таңдауы бойынша қазақ, орыс, ағылшын тілдерінде жүргізіледі.

7М054 Математика және статистика:

«Математика және статистика» білім беру бағдарламалар тобы

Математика

Математика (УРША, Франция) - *Реймс Шампань-Аргенн Университетімен қос диплом бағдарламасы, Франция*

Ақтуарлық математика

Қолданбалы математика және басқару процестері

Есептеу ғылымдары және статистика

«Механика» білім беру бағдарламалар тобы

Механика

Механика және энергетика - *Лотарингия университетімен қос диплом бағдарламасы, Франция*

7М061 Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар:

«Ақпараттық технологиялар» білім беру бағдарламалар тобы

Математикалық және компьютерлік модельдеу

Математикалық және компьютерлік модельдеу (РХДУ) — *Ресей халықтар достығы университетімен қос диплом бағдарламасы, Ресей*

Математикалық және компьютерлік модельдеу (Х. Грек У-ті) —

Халықаралық Грек университетімен қос диплом бағдарламасы, Грекия

7М071 Инженерия және инженерлік іс:

«Ғарыштық инженерия» білім беру бағдарламалар тобы

Ғарыш техникасы және технологиялары

«Робототехника және мехатроника» білім беру бағдарламалар тобы

Робототехникалық жүйелер



ДОКТОРАНТУРА

Механика-математика факультетінің мамандықтарына пәндерді оқыту білім алушының таңдауы бойынша қазақ, орыс, ағылшын тілдерінде жүргізіледі.

8D054 Математика және статистика:

«Математика және статистика» білім беру бағдарламалар тобы

Математика

Есептеу ғылымдары және статистика

«Механика» білім беру бағдарламалар тобы

Механика

8D061 Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар:

«Ақпараттық технологиялар» білім беру бағдарламалар тобы

Математикалық және компьютерлік моделдеу

8D071 Инженерия және инженерлік іс:

«Ғарыштық инженерия» білім беру бағдарламалар тобы

Ғарыш техникасы және технологиялары

«Робототехника және мехатроника» білім беру бағдарламалар тобы

Робототехникалық жүйелер



Erasmus+



SMARTCITY

Innovative Approach Towards a Master Program on Smart Cities Technologies



GEOCLIC
Erasmus+



СТУДЕНТТІК ПІКІРЛЕР

Мектепте оқып жүргенде, менің таңдауым Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ болды. Өйткені, бұл университетте менің көптен бері оқуды армандайтын мамандық бар болды, ол механика-математика факультетіндегі математикалық және компьютерлік мамандығы еді.

Механика-математика факультеті туралы өз студенттерінен, оқытушыларынан, осы университеттің веб-сайтынан мағлұматтарды білгеннен кейін, мен осы жерге оқуға келуіме көбірек көз жеткіздім.

Механика-математика факультетінің үлкен жетістігі — бұл факультетті бітірген мамандар еңбек нарығында үлкен сұранысқа ие. Ең талантты түлектер магистратура мен докторантурада білімін жалғастыра алады.

*Кылышбай Алуа
«Математикалық және компьютерлік
моделдеу» мамандығының 1 курс магистранты*



Барлық елдер Ауғанстан халқы соғыс құрбандары екенін біледі. Бұл шамамен 40 жыл, біз Ауғанстандағы соғыстың құрбаны болдық. Ауғанстанда математика, физика, химия және т.б. сияқты салаларда бакалавр дәрежесі бар. Ауғанстанда математика магистрі дәрежесі бойынша оқытатын жоғары оқу орны жоқ болғандықтан, 2014 жылы Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-нің магистратурасына түсіп, 2016 жылы бітірдім. Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-ды таңдаудың ерекше себептерінің бірі математикалық білімнің жоғары деңгейі болып табылады. Қазақстандық жоғары оқу орындарының, әсіресе Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың ғылыми деңгейі өте жоғары. Мен Ауғанстандағы әріптестеріме осы университет жайлы атып, қызықтырамын. Қазір докторлық бағдарламаны екі жақты келісім-шарт негізінде оқып жүрмін. Мен көрші елдердегі, әсіресе Ауғанстандағы әлеуетті дамытуға бағытталған білім беру және ғылыми зерттеу бағдарламалары үшін Қазақстан Республикасы халқына және үкіметіне алғыс айтамын.

*Аймал Раса Гулам Хазрат
математика мамандығы бойынша
3 курс докторанты*



СТУДЕНТТІК ӨМІР



Студенттерді қабылдау кеші



Бірінші курс таланттары



«Сұңқар» кубогы
Smart Student Project



Атақты тұлғалармен кездесу



Декан кубогы



СҒҚ қош келдіңіздер



ШЕТЕЛДІК ІС-САПАРЛАР



Лотарингия университеті, Франция



Erasmus + бағдарламасы



Берлин техникалық университеті,
Германия



Каликутта ұлттық технологиялы
университеті, Үндістан



академик С.П. Королев атындағы
Самар мемлекеттік аэроғарыштық
университеті, Ресей




AGH ғылыми-техникалық
университеті, Польша




ҒЫЛЫМИ БАҒЫТТАР



«Алгебра және логика» зертханасы




«Дифференциалдық теңдеулер және басқару теориясы» зертханасы




«Есептеу математикасы және математикалық моделдеу» зертханасы

МАТЕМАТИКА ЖӨНЕ МЕХАНИКА ҒЫЛЫМИ-ЗЕРТТЕУ ИНСТИТУТЫ




«Сұйық, газ, плазма механикасы және энергетика» зертханасы



«Деформацияланатын қатты дене механикасы» зертханасы




«Ғарыштық технологиялар» зертханасы




«Материалдар мен үрдістер механикасын зерттеу» зертханасы



Робототехникалық жүйелер, механизмдер мен машиналар теориясы орталығы




«Кері есептер» зертханасы




«Математикалық және функционалдық талдау» зертханасы



«Теориялық және аспан механикасы» зертханасы



Математикалық физика теңдеуінің зертханасы



«Есептеу технологиялары және мұнай-газ өндіру саласындағы мәселелер» зертханасы



«Есептеу математикасы және математикалық моделдеу» зертханасы



«Ақтуарлық математика» зертханасы



«Есептеу ғылымдары» зертханасы



ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
Механика-математика факультеті

ШЕТЕЛДІК АКАДЕМИЯЛЫҚ СЕРІКТЕСТЕРІМІЗ



ОТАНДЫҚ АКАДЕМИЯЛЫҚ СЕРІКТЕСТЕРІМІЗ



ӨНДІРІСТІК СЕРІКТЕСТЕРІМІЗ

